

Налык Bank Алматы облысында филиалын ашты

2023 жылы 6 шілдеде Қонаев қаласында Налык Bank-тің Алматы облыстық филиалы өз жұмысын бастады. Ол халыққа және ұйымдарға банктік қызметтердің барлық спектрін, соның ішінде кредиттік және депозиттік өнімдердің барлық желісін, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру бойынша тиімді шешімдерді, операциялық және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді, сондай-ақ жалақы жобаларын сүйемелдеуді ұсынады.

Банктің Алматы облыстық филиалы 14 әмбебап бөлімшеден тұрады. Филиалдың эквайрингтік инфрақұрылымына 130 банкомат, 25 төлем терминалы және 637 POS-терминал кіреді.

Налык, жаңа филиал ашу туралы шешім банктің орта мерзімді стратегиясының жоспарланған кезеңі болып табылады және өңірдің экономикалық дамуын күшейтуге арналған. Налык өзінің онлайн қызметтеріне белсенді инвестиция салғанымен, нақты қызмет көрсету арналары әлі де маңызды. Бүгінгі таңда банктің бірнеше ондаған филиалы әр клиентке сапалы қызмет көрсетеді, деп түсіндіріп өтті.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Алматы облысында барлық қазақстандықтардың сегізінші бөлігі, яғни 1 514 460 адам тұрады, ол саны бойынша елімізде 3-ші орында. Экономикалық белсенді халық осы санның шамамен 48% құрайды және 880 мың адамнан асады. Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымына 9 аудан кіріп, 1 қала облысқа бағынады.

Налык бүгінгі күні активтері 2023 жылғы наурыз айының соңындағы жағдай бойынша 14,143 млрд теңгені құрайтын елдегі ең ірі және көшбасшы банк болып табылады. Налык клиенттердің ең ірі базасына және Қазақстан бойынша 572 филиал мен бөлімшелердің кең филиалдық желісіне ие. Банк Грузияда, Қырғызстанда және Өзбекстанда да жұмыс істейді.

Налык PR-қызметі,
тел. +7 727 330 17 19, pr@halykbank.kz, www.halykbank.kz